



Ақмешіт

23 сәуір
сейсенбі
№32 (2042)
2024 жыл



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Көктемгі егін науқаны басталды. Ал биыл егістікке су мөлшері қаншалықты жетеді? Мамандар не дейді?

БИЫЛ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛА МА?



Бұл мәселеге «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» мекемесінің басшысы Жорабек Нұрымбетов жауап берді.

– Аймақ халқының 60 пайызы елді мекенде тұратыны белгілі. Олардың күнкөрісі – егін мен мал шаруашылығы. Сондықтан мұндағы тіршілік тікелей Сырдария өзенімен байланысты екені белгілі. Сол себептен бұл өзен біздің күнкөрісіміздің негізгі көзі деп те айта аламын.

2-БЕТТЕ

ЗАҢ МАҚСАТЫ: АНАЛАР ЖЫЛАМАСЫН, БАЛАЛАР ҚИНАЛМАСЫН



Бұдан былай отбасындағы ұрып-соғу оқиғасына, әйелдер мен балаларды қинауға, зорлық көрсету жағдайына жол жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жазаны күшейтетін екі заңға қол қойды. Енді отбасындағы ұрып-соғу жағдайлары қылмыстық кодекспен қаралады. Құжатқа сәйкес денсаулыққа қасақана ауыр не орташа зиян келтіруге қатысты жауапкершілік қатаңдатылды.

Заңға енгізетін нормалар мен бірқатар түзетулер әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатады. Отбасы

институтын, кемелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтады. Бұдан бөлек, отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс орталығы қызметінің құқықтық негіздері жасалды.

Заңның мақсаты – әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдату. Заңның тағы бір маңызды бағыты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес енді еліміздегі аймақтардың әрбір ауданында отбасын қолдау орталықтары ашылады. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды ерте кезден анықтау бойынша мобильді топтар құрылады.

4-БЕТТЕ

Тасбөгет кентінде көктем келгеннен қарбалас жұмыс басталып кетті. Тұрғындардың сұранысына сай кенттегі Ғ.Мұратбаев, Қ.Исмаилов-1,2 көшелеріне түнгі жарықшам орнатылып, бүгінде оның игілігін ел көре бастады.



ТАСБӨГЕТТЕГІ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

Кент әкімінің орынбасары Ж. Байқаламовтың айтуынша, кенттегі ұзындығы 12,7 шақырымды құрайтын Н.Өткелбаев, Ә.Жангелдин, А.Жанкин, Ж.Әбілқасымов, С.Сейфуллин және З. Мәмбетов көшелерінің мемлекеттік сатып алу конкурсына 34 млн теңге бөлініп, қажетті құжат дайындалуда. Бұған қоса кент әкімі аппаратының өзін-өзі басқару шотынан қаржы қаралып, А. Құнанбаев көшесінің соңғы бөлігі мен Тәуелсіздік көшесінің бас жағы және Көпірбаев көшесі жарықтандырылды.

– Кенттің шеткі көшелері Ғани Мұратбаев, Қуаныш Баймағанбетов және Әлия Молдағұлова көшелеріне ЖК «Досанова» мердігер мекемесімен 6 аялдама орнатылуда. Жоба құны 5 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар кент әкімі аппаратының өзін-өзі басқару шотынан тағы 3 аялдамаға қаржы бөлінбек.

Жаяу жүргіншілер жолын салуда да бастап кеттік. Әлеуметтік нысандар шоғырланған Ш.Есенов, Ғ.Мұратбаев, З.Шүкіров, Ә.Сапарбаев, О.Сейтпейбетов, Ә.Оразбаев көшелеріне «Алем Транс Жол» ЖШС мердігер мекемесімен келісімшарт аясында 124 млн теңгеге жаяу жүргіншілер жолы салынууда. Кент аумағы қоғалдандырылуда. Амангелді көшесінің бойынан арық қазылып, демеуші есебінен 2 аяқсу насосы орнатылды. Ерте көктемнен ағаш отырғызып, күтімге алып жатырмыз, – дейді кент әкімінің орынбасары.

2-БЕТТЕ

АУЫЛҒА КЕЛ, ДӘРІГЕР

немесе ел денсаулығын жақсартуға қандай қолдау жасалады?



Бала күнімізде ауылда бір-ақ дәрігер болатын. Оған дүйім ауылдың құрметі ерекше еді. Себебі ауылдың үлкен-кішісі қай жері ауырса да, сол бір ғана дәрігерге көрініп, ем алатын. Ол дәрігер ауылдағы бар тұрғынның денсаулық жайын бес саусағындай біледі десек, артық айтқандық емес. Қазір бір дәрігер болса деп армандап отырған ауылдар жоқ емес. Денсаулық саласында дәрігер жетіспейтіні көптен бергі өзекті мәселе. Әсіресе ауылдарда. Шыны керек, 9 жыл оқып, дәрігер болып шыққан жас маман ауылға барып еңбек еткісі жоқ. Облыс орталықтарында, үлкен қалаларда, жалақысы жоғары клиникаларда жұмыс істегенді қалайды. Сонда ауылға кім барады?

2-БЕТТЕ

IT-тілші



РОБОТОТЕХНИКА: ӘЛЕУЕТІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Робототехника – әлемдегі қарқынды дамыған саланың бірі. Қазақстан да бұл трендтен тыс қалмайды. Соңғы жылдары елімізде робототехника саласында күрт өсім байқалды. Ол жаңа инновацияларды құруға және экономиканың жоғары технологиялық секторын дамытуға бірегей мүмкіндік берді. Бұл мақалада Қазақстандағы робототехниканың жай-күйін, оның жетістіктерін, әлеуеті мен болашағын қарастырамыз. Қазақстандағы робототехниканы дамытуға және осы саладағы инновациялық жобаларды қолдауға бағытталған бағдарламалар мен бастамаларды тарақтатымыз. Қазақстан робототехника саласындағы инновациялық жобалар мен стартаптарды белсенді қолдайды. Жас кәсіпкерлер мен стартаптар инновациялық робототехникалық шешімдерді жасауда жетістіктерін көрсетуде. Мемлекет робототехникалық инфрақұрылымды дамытуға белсенді инвестиция салып, саланы дамыту үшін қаржылық қолдау көрсетуде. Мұндай қадам инвесторлардың назарын аударып, халықаралық серіктестер мен компанияларды қызықтырудың бір жолына айналды.

3-БЕТТЕ

Көне тарихқа көз жүгіртсек, Шыңғыс ханның өзі жаралы жауынгерлеріне жұдырықтай ғана бөдененің жұмыртқасын ішкізіп, аяққа тұрғызған екен. Өйткені бөдененің еті де, жұмыртқасы да мың түрлі дертке дауа. Адамның ойлау қабілетін арттырып, ағзаны түрлі жұқпалы аурудан қорғайтынын ғалымдар дәлелдеп отыр. Көдімгі тауық жұмыртқасына қарағанда бір грамм бөдене жұмыртқасының құрамында А, Д дәрумені екі есе көп дейді мамандар. Бүгінде бұл өнім дүкен сөрелерінде кездескенмен, жергілікті табиғи өнімнің орнын баса алмайтыны белгілі.



Осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат еткен қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округі тұрғыны Нұрлан Смағұлов тұрғындардың сұранысын қанағаттандырып отыр. Ол бұл кәсіпті карантин кезінде өз қаржысымен бастаған.

2-БЕТТЕ

БӨДЕНЕ – БЕРЕКЕЛІ БИЗНЕС



Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүрүде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

